

Қытай Халық Республикасының Үкіметі
мен Қазақстан Республикасының Үкіметі
арасындағы азаматтардың өзара сапарлары
туралы

К Е Л І С І М

Қытай Халық Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі, төменде Уағдаласушы Жақтар деп аталатын, қатынастарды одан әрі дамыту ниетін басшылыққа алып, әрі екі мемлекет азаматтарының сапар жасау тәртібін жетілдіруді көздеп,
осы келісімді жасасуды ұйғарып, мынаған уағдаласты

Жалпы ережелер

I - бап

Уағдаласушы Жақтардың бірінің азаматы осы Келісімде көзделген шарттарды сақтап, ақиқат сапар құжаттары бойынша келесі Уағдаласушы Жақтың территориясына келуіне, кетуіне немесе сол жер арқылы өтуіне және онда уақытша болып қайтуына болады.

2 - бап

Осы Келісімнің мәніне сәйкес ақиқат сапар құжаттары мыналар:

1. Қазақстан Республикасының азаматтары үшін:
дипломатиялық паспорт,
қызмет паспорты,
"қызмет" белгісі қойылған жалпы азаматтық шетел паспорты,
жалпы азаматтық шетел паспорты,
теңізші паспорты,
оралу куәлігі болып табылады.
2. Қытай Халық Республикасының азаматтары үшін:
дипломатиялық паспорт,
қызмет паспорты,
қызмет бабындағы жалпы азаматтық шетел паспорты,
жалпы азаматтық шетел паспорты,
теңізші паспорты,
Қытай Халық Республикасының сапар куәлігі.

3 - бап

Уағдаласушы Жақтардың бірінің азаматтары келесі Уағдаласушы Жақтың территориясында болған уақытында сол Жақтың заңдары мен ережелерін, соның ішінде шетел азаматтарына арналған тіркелу, болу, жүріп-тұру және сол жер арқылы ету ережелерін сақтауға міндетті.

4 - бап

Уағдаласушы Жақтардың бірінің азаматтары халықаралық жолаушы қатынасы үшін ашылған шекара пункттері арқылы немесе екі Жақ белгілеген шекара пункттері арқылы келесі Уағдаласушы Жақтың территориясына келуіне, кетуіне немесе сол арқылы етуіне болады, сонымен қоса ұлттық іс-әрекеттегі заңдармен және Уағдаласушы Жақтардың ережелеріне сәйкес, қажетті ресімдерді орындайды.

Қызмет сапарлары

5 - бап

Уағдаласушы Жақтардың бірінің дипломатиялық, қызмет, қызмет бабындағы жалпы азаматтық шетел паспорттары, "қызмет" белгісі қойылған жалпы азаматтық шетел паспорттары бар азаматтарының келесі Уағдаласушы Жақтың территориясынаавизасыз келуіне, кетуіне, сол жер арқылы етуіне болады.

6 - бап

I. Уағдаласушы Жақтардың бірінің Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясы немесе ҚХР азаматтық авиациясы ұшақтары экипаждарының мүшелері болып табылатын азаматтары Қазақстан Республикасы мен ҚХР аэропорттары арасында кәдімгі, чартерлік және Уағдаласушы Жақтар келіскен арнаулы қатынауларды осы Келісімнің 5-бабында көзделген, басқа елде жүрген және кеткен кезіндегі визасыз тәртіпті пайдаланып, ақиқат сапар құжаттары бойынша жасайды.

2. Басқа елдің ішінде кезекті ауысымға, сырқатқа, жарақаттануға, ұшақтың бұзылуына немесе ауа райына, басқа себептегі байланысты қысқа мерзімге кідірген жағдайда бір Жақтың экипажының мүшелері келесі Жақтың территориясынан визасыз кете береді.

7-бап

Қазақстан Республикасының ҚХР-ға және ҚХР-дан Қазақстан Республикасына бара жатқан пойыздардың пойыз бригадаларының мүшелері мен почта-телеграф қызметінің қызметкерлері болып табылатын Уағдаласушы Жақтың бірінші азаматтары осы Келісімнің 5-бабында көзделген ақиқат жүріп-тұру құжаттары бойынша екінші Уағдаласушы Жақтың территориясына рұқсатсыз-ақ келіп, кетеді және уақытта бола алады.

8-бап

Қазақстан Республикасының немесе ҚХР-дың теңіз және өзен кемелері экипажының мүшелері болып табылатын, теңізінің паспорты бар Уағдаласушы Жақтың бірінші азаматтары екінші Уағдаласушы Жақтың территориясына рұқсатсыз-ақ келіп, кетеді және уақытта бола алады.

Науқастанған немесе басқа да тосын жағдайларда Уағдаласушы Жақтың біреуінің теңіз және өзен кемелері экипаждарының жүріп тұру үшін жердегі немесе әуедегі транспорт түрлерін пайдалануға мәжбүр мүшелері екінші Уағдаласушы Жақтың территориясы арқылы рұқсат бойынша жол жүре алады.

9-бап

Уағдаласушы Жақтың бірінші азаматтары болып табылатын, қазаққтай шекара саудасын жүзеге асырушы немесе шекара маңындағы байланыстың басқа да түрлеріне қатысушы адамдар, сондай-ақ шекара маңындағы тасымалмен шұғылданатын транспорт құралдарының жүргізушілері мен кеме экипаждарының мүшелері осы Келісімнің 5-бабында көзделген ақиқат жүріп-тұру құжаттары немесе екі Жақтың келісуімен басқа да құжаттар бойынша рұқсатсыз-ақ екі Жақ анықтаған пункттер арқылы екінші Уағдаласушы Жақтың территориясына келеді, уақытта болады және кете алады.

Туристік сапарлар

IO-бап

Уағдаласушы Жақтың бірінін азаматтары Жақтардын келісуіне сәйкес екінші Уағдаласушы Жақтың территориясына туристік сапарға шыға алады.

Жеке шаруашылық сапарлар

II-бап

Осы Келісімнің рұқсатсыз тәртіпті пайдаланатын адамдардын категориясын 5-9-баптарынын күші қолданылмайтын Уағдаласушы Жақтың бірінін азаматтары өз елінің жол жүру құжаттары және екінші Уағдаласушы Жақтың ақиқат рұқсаты негізінде ғана екінші Уағдаласушы Жақтың территориясы арқылы келеді, кетеді, сапарын жалғастыра алады.

Екінші Уағдаласушы Жақтың халықаралық әуежайында 24 сағатқа дейін аялдап, егер бүкіл ұшу сапарына билеті бар болса, әуе транспортымен Уағдаласушы Жақтардын территориясы арқылы өткен жағдайда рұқсаттын болуы талап етілмейді.

I2-бап

1. Осы Келісімнің рұқсатсыз тәртіпті пайдаланатын адамдардын категориясын анықтайтын 5-9-баптарынын күші қолданылмайтын Уағдаласушы Жақтың бірінін азаматтары екінші Уағдаласушы Жақтың территориясында бола алады.

2. Уағдаласушы Жақтың бірінін құзырлы органдары нақты қажеттілікке сәйкес екінші Уағдаласушы Жақтың азаматтарына болу мерзімін ұзарта алады.

I3-бап

Уағдаласушы Жақтың бірінін азаматтары қабылдаушы мемлекеттің құзырлы органдары беретін келу рұқсаты бойынша екінші Уағдаласушы Жақтың территориясына тұрақты тұруға келеді.

I4-бап

Уағдаласушы Жақтың бірінін территориясында тұрақты тұратын басқа Уағдаласушы Жақ азаматтарынын шетелдерге сапарлары олар территориясында тұрақты тұратын Уағдаласушы Жақтың ережелерімен реттеледі.

I5-бап

Уағдаласушы Жақтар азаматтарынын кәмелетке толмаған балаларынын сапарлары осы Келісімнің ережелеріне сәйкес олардың қолында бар жол жүру құжаттары бойынша, сондай-ақ олардың ата-аналарынын немесе ертіп жүретін адамдарынын қолында бар жол жүру құжаттары бойынша, егер балалар осы құжаттарға жазылған болса, және үш жас-тан жоғары балалардың фотосуреттері бар болған жағдайда жүзеге асырылуы мүмкін.

Басқа ережелер

I6-бап

Уағдаласушы Жақтың басқа Уағдаласушы Жақ азаматтарынын өз территориясына келуіне рұқсат етпеуге немесе онда болу мерзімін қысқартуға қақысы бар.

Уағдаласушы Жақтың бірінін территориясында уақытша жүрген екінші Уағдаласушы Жақ азаматынын болу мерзімі қысқартылғаны жөнінде осы кісі азаматы болып табылатын мемлекеттің дипломатиялық консулдық өкілдігіне дер кезінде хабарланады.

I7-бап

Уағдаласушы Жақтың бірінін азаматы басқа Уағдаласушы Жақтың территориясында жол жүру құжатын жоғалтып алса немесе бүлдіріп алса, мұны жергілікті құзырлы органға хабарлауға тиісті, ал ол осы азаматтын жол жүру құжатын жоғалтып алғаны немесе бүлдіріп алғаны туралы арызын растайтын анықтама береді. Осы кісі азаматы болып табылатын мемлекеттің дипломатиялық немесе консулдық

өкілдігі жоғалған немесе бүлінген құжаттың орнына жол жүру құжатын береді және екінші Жаққа ескі жол жүру құжатының жойылғаны туралы хабарлайды.

18 - бап

Уағдаласушы Жақтар дипломатиялық арналар арқылы жаңа жол жүру құжаттарының енгізілгені, онымен қоса іс-әрекеттегі документтерге өзгерістер жасалғаны, жайында бір-біріне дер кезінде хабарлап, олардың үлгілерін алмасып отырады.

19 - бап

Уағдаласушы Жақтың бірінші құзырлы органдары екінші Уағдаласушы Жақтың азаматтарына виза беруді, визаның қолданылу мерзімін ұзартуды, визаға өзгерістер мен түзетулер енгізуді, тұрған уақытын тіркеуді, болу мерзімін ұзартуды және осыған байланысты басқа да әрекеттерді жүзеге асырады, сондай-ақ жол жүру құжатын жоғалтқаны немесе бүлдіріп алғаны туралы өтінішіл растайтын анықтамалар береді, бұған алым алынбайды.

20 - бап

Уағдаласушы Жақтар қажеттігіне қарай дипломатиялық арналар арқылы ақпарат алмасы, осы Келісімнің ережелерін қолдануға байланысты мәселелер жөнінде ақылдасып кеңесіп отырады.

21 - бап

Уағдаласушы Жақтар өзара келісім бойынша осы Келісімнің ережелеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізе алады, бұл олардың мақұлдауын растайтын ноталар алмасылғаннан кейін және екі Жақ та келіскен сәттен бастап күшіне енеді.

22 -бап

1. Уағдаласушы Жақтардың әрқайсысы ерекше жағдайларда /жұқпалы ауру, індет, зілзала нәубеттері және т.б./ осы Келісім-нің кейбір ережелерін қолдануды уақытша тоқтата алады.

2. Осындай шараларды қолданған Уағдаласушы Жақ, мүмкіндігіне қарай алдын-ала, бірақ 24 сағаттан кешіктірмей, дипломатиялық арналар бойынша басқа Уағдаласушы Жаққа осы шараларды қолдану және тиісінше оларды жою туралы хабарлайды.

Қорытынды ережелер

23 - бап

1. Осы келісім қол қойылғаннан кейін 30-күні күшіне енеді.

2. Осы келісім 2 жылдық мерзімге жасалды және Уағдаласушы Жақтардың біреуі басқа Уағдаласушы Жақты дипломатиялық арналар бойынша жазба түрінде оның қолданылуын тоқтату туралы ниет білдіргенге дейін күшінде қала беретін болады. Осы Келісімнің қолданылуы басқа Уағдаласушы Жақтан хабар алынған соң 90-күні тоқтатылады.

1992 жылы 26 ақпанда Пекинде әрқайсысы қазақ, қытай, орыс тілдерінде екі дана етіп жасалды, әрі үш текстің де күші бірдей, қазақша және қытайша текстер бір-біріне пара-пар.

Қытай Халық Республикасының
Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

钱其琛

